

**НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚТАНДЫРУ ЖӘНЕ СЕРВИС КОЛЛЕДЖІ» МКҚК**



Бекітемін
Директор
З. Клышбаева

« 1 » 2022 ж.



**ИНЖЕНЕРЛІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ
РЕЙТИНГТІК ЖҮЙЕСІ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕСІ**

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

Осы Ереже Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі» МКҚК-ның педагогикалық қызметін жүзеге асыратын қызметкерлердің жұмысын бағалаудың рейтингтік жүйесін өткізу тәртібі мен шарттарын айқындайды.

ИПҚ санатына мыналар жатады: оқытушылар, өндірістік оқыту шеберлері. Бұл құжат колледждің нормативтік құжаттамасының құрамына кіреді және барлық құрылымдық бөлімшелерде орындау үшін міндетті болып табылады.

Рейтинг жүйесінің негізгі мақсаты: мамандарды даярлау сапасын жақсарту, сондай-ақ ИПҚ колледждің құрылымдық бөлімшелері қызметінің тиімділігін арттыру болып табылады.

Рейтингті анықтау кезінде пайдаланылатын көрсеткіштер оқытушылар мен бөлімшелердің колледж жұмысын жақсарту және ТЖКББ жүйесінде оның рейтингін арттыру жөніндегі қызметін ынталандыруға арналған.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы ереже мынадай нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

1. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Кодексі;
2. "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III ҚР Заңы;
3. "Педагог мәртебесі туралы" 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚР Заңы;
4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің "Оқу-әдістемелік және ғылыми - әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" 2007 жылғы 29 қарашадағы №583 бұйрығы;
5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтерді және білім және ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы;
6. "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы;
7. "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы;
8. Қазақстан Республикасының ТЖКБ ұйымдарының рейтинг әдістемесі, "Талап" КЕАҚ, Нұр-сұлтан Қ., 2021.

3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі» МКҚК ИПҚ қызметін бағалаудың рейтингтік жүйесі туралы ереже (бұдан әрі - ереже) ИПҚ рейтингін ұйымдастыруға, өткізуге және нәтижелерін ұсынуға қойылатын тәртіп пен талаптарды белгілейді.

Рейтингтің мақсаты педагогтердің біліктілігінің, кәсіпқойлығының өсуін, ғылыми-педагогикалық қызметінің өнімділігін және шығармашылық бастамасын дамытуды ынталандыру болып табылады.

Рейтинг жылына 1 рет анықталады: күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша. ИПҚ қызметін рейтингтік бағалау қорытындылары педагогикалық жүктемені бөлу, ИПҚ мен педагогикалық қызметті жүзеге асыратын қызметкерлерге сыйақы төлеу, көтермелеу, "Үздік оқытушы", "Үздік куратор", "Үздік ПЦК" т.б. номинациялары бойынша рейтинг көшбасшыларын айқындау кезінде пайдаланылады. Рейтингтің негізгі міндеттері:

1. ИПҚ жұмысының сапасы мен тиімділігін бағалау және бақылау үшін бірыңғай критерийлерді енгізу;
2. жалпы колледждің де, оқытушылардың да қызметін жан-жақты көрсететін ақпараттық мәліметтер базасын құру;
3. колледжді дамыту және ұжымның өз еңбегінің нәтижелілік көрсеткіштері туралы талдамалық деректер негізінде оның қызметін жетілдіру;
4. оқытушының, кафедраның және жалпы колледждің рейтингін арттыруға бағытталған қызмет түрлерін ынталандыру;
5. оқытушылар жұмысының деңгейі мен тиімділігін бағалау және бақылау үшін еңбек сапасы мен нәтижелілігінің бірыңғай кешенді критерийлері мен көрсеткіштерін енгізу.

Ереже оқытушы, өндірістік оқыту шебері, ПЦК төрағасы лауазымдарын атқаратын штаттағы оқытушыларға қолданылады.

Рейтингтік комиссия жұмысының қорытындысы бойынша колледж әдіскері хаттама жасайды. Рейтинг нәтижелері мен педагогикалық жүктемені бөлу жөніндегі ұсынымдары бар колледждің рейтингтік комиссиясының хаттамасы колледж директорына бекітуге ұсынылады.

4. РЕЙТИНГТІ ЕСЕПТЕУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІН ИПҚ ЕҢБЕГІН АТТЕСТАТТАУ МЕН ЫНТАЛАНДЫРУ ҮШІН ПАЙДАЛАНУ

Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі ИПҚ қызметінің рейтингі бес (5) параметрден құралады: оқу қызметі, оқудан тыс қызмет, оқу-әдістемелік жұмыс, жалпы сұрақтар, әкімшіліктің бағасы.